

U

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ

БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

УПРАВЛЕНИЕ  
ОБРАЗОВАНИЯ  
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҮЙРЫҚ

03.02.2026

Түркістан облысы

ПРИКАЗ

№ 31

г.п.п. Түркістан

### Областық өнер фестивалін өткізу туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 14) тармақнасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылғы ақпан-мамыр айлары аралығында облыстағы жалпы білім беру ұйымдары, мектеп-интернат (мамандандырылған, арнайы), отбасы үлгісіндегі балалар ауылы, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары арасында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын насихаттау, іске асыру аясында «Шабыт шыны» атты өнер фестивалін өткізілсін.

2. Фестивалдің ережесі (1-қосымша) және ұйымдастыру алқасының құрамы (2-қосымша), өткізілу кестесі (3-қосымша) бекітілсін.

3. Фестивалді ұйымдастырып, өткізу жұмыстары тәрбие бөлімі (Е.Бекжанов) мен Түркістан облысының білім басқармасының «Областық қосымша білім беруді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (А.Егембердінова) жүктелсін.

4. Аулан, қалалық білім бөлімдерінің басшылары, мекеме директорлары (мамандандырылған мектеп-интернат, мектеп-интернат, арнайы мектеп-интернат, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, отбасы үлгісіндегі балалар ауылдары) фестивалдің өткізілуін қамтамасыз етсін.

5. Фестивалді өткізудің қаржылық шығындарын төлеу Түркістан облысының білім басқармасының «Областық қосымша білім беруді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі есебінен жүргізілсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлімінің орынбасары А.Қасымбекқызыға жүктелсін.

Негізі: Түркістан облысының білім басқармасының 2026 жылғы арысқан тәрбие бағытындағы кешенді жоспары.



Е. Орынов

*Түркістан облысының білім  
басқармасының  
2026 жылғы «03» ақпандағы  
№31 бұйрығының №1 қосымшасы*

## **I. ӨНЕР ФЕСТИВАЛІНІҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ**

1. Түркістан облысының білім басқармасының 2026 жылға арналған тәрбие бағытындағы кешенді жоспарына сәйкес, облыстағы білім беру ұйымдары (мектеп-интернат, арнайы мектеп-интернат, мамандандырылған мектеп-интернат, отбасы үлгісіндегі балалар ауылы) мен техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары арасында өткізіледі.

2. Ереже өнер фестивалінің негізгі мақсаты мен міндетін, ұйымдастыру мен өткізу тәртібін, қатысу шарттарын, жеңімпаздарды анықтау критерийлерін, өткізу мерзімін анықтайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында жас таланттарды ашу, шығармашылық байланыс орнату, ұлттық мәдениетті насихаттау, мотивация мен шабыт беру, көшбасшылық қасиеттерді дамыту», - деп атап көрсетті.

Сондай-ақ, жастар арасындағы шығармашылық, өнер, мәдениет саласын – патриотизмнің, ұлттық сана мен өзіндік болмыстың маңызды көрінісі.

Патриотизм – бұл енді тек әскери-саяси ұғым емес, шығармашылық, инновация, идея арқылы елге қызмет ету.

«Шабыт шыңы» фестивалі – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаттарымен үндес ынтымақтастық немесе үйлесім бола алады: яғни, бір жағынан – рухани-адамгершілік тәрбие арқылы ұлттық құндылықтарды сіңіру, екінші жағынан – шығармашылық, талант пен өнер арқылы өзін-өзі танытуы.

3. Осы негізде балалар мен жасөспірімдер және жастар арасында тақырыптық өнер байқауларын өткізу мақсатында **«Шабыт шыңы»** атты өнер фестивалін (Бұдан әрі – Фестиваль) атап өту жоспарланып отыр.

4. Фестивалді Түркістан облысының білім басқармасының «Облыстық қосымша білім беруді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырады.

5. Фестиваль ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитетінің және фестивалдің қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

## II. ФЕСТИВАЛДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7. Фестивалдің негізгі мақсаты: ел ішінде талантты, өнерлі балалар мен жасөспірімдерді анықтау, сахнада жеткіншектердің талабын қолдап, талантын ашу. Өнерпаз шәкірттерді баулыған ұстаздарға қолдау көрсету.

8. Фестивалдің міндеттері:

- 1) Жас таланттардың шығармашылық жұмысын қолдау;
- 2) Жастардың бойындағы өнердің дамуына, өркендеуіне қолдау көрсету;
- 3) Талантты жастарды сахна төріне шығару;
- 4) Мемлекеттік нышандарды құрметтеуге, сүйеге, қастерлеуге тәрбиелеу;
- 5) Ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді, тарихымызды насихаттау;
- 6) Жастарымыздың туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін арттыру;
- 7) Музыкалық өнердің түрлі жанрларында жас дарынды орындаушыларды анықтау және қолдау көрсету;
- 8) Оқушы жастардың құндылық бағдарларын қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік және мәдени дәстүрлері тұрғысынан қалыптастыру;
- 9) Ұлттық және жалпы адамзаттық тәжірбиені іске асыру, ән шығармашылығын өзектендіру.

## III. ФЕСТИВАЛДІҢ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

9. Фестивалге барлық білім беру ұйымдарының 6-18 жастағы оқушылары мен студенттері қатысады.

10. Фестиваль үш кезеңде өткізіледі.

- 1) бірінші кезең (іріктеу) – мектепішілік; колледждік ірікттеу
- 2) екінші кезең (іріктеу) – аудандық (қалалық);
- 3) үшінші кезең (қорытынды) – облыстық.

11. Іріктелген өнер ұжымдары мен жеке орындаушылар арасынан жоғары деңгейдегі өнерпаздар Түркістан қаласында өтетін облыстық қорытынды ГАЛА концертке шақырылады.

12. Фестивалге облыстағы барлық білім беру ұйымдарының оқушылары оның ішінде вокалдық ұжымдық топтар, хор, халық аспаптар, трио, квартет, би, театр тағы басқа ұжымдар қатыса алады. Әрбір қойылым кезінде сахна тақырыпқа сай безендіріліп, алдын-ала қазылар алқасына қатысушы өнерпаздар тізімі және тақырыпқа сай концерттік бағдарламасы (1 сағат көлемінде) мына үлгіде берілуі тиіс.

№	Аты –жөні,	Аудан, қала атауы және мектебі	сыныбы	Шығарма аты, авторы	Қатысу жанры / ән, би, күй, т.с.с/	Жетекшінің аты-жөні

### 13. Фестивалде орындалатын жанр түрлері мен бағалау критерийлері.

#### 14. Хор ұжымы:

##### *Орындалуға тиіс шығармалар:*

*«Айналдым елім» әні: Е. Хасанғалиев, сөзі: С. Жиенбаев*

- 1) сахна мәдениеті;
- 2) таңдалған киім үлгісі;
- 3) режиссерлық қойылымы;
- 4) әннің немесе композицияның бейнелік құрылымын аша білу;
- 5) техникалық-вокалдық тәсілдерді меңгеру деңгейі.

*Ескерту: хор ұжымына 60-80 оқушы, вокалды топ қамтылуы тиіс. Аяқ киімдері бірдей, әрі таза болуы тиіс.*

#### 15. Театрландырылған сахналық қойылым мен көркем сөз оқу:

- 1) режиссерлік шешімнің бірегейлігі;
- 2) қойылымның ұжымның жасына және шығармашылық мүмкіндіктеріне сәйкестігі;
- 3) спектакльді, қойылымды көркем безендіру;
- 4) спектакльдің, қойылымның музыкалық безендірілуі;
- 5) орындаушылардың актерлік шеберлігі;
- 6) орындаушылық шеберлік (дикция, интонация тазалығы, әртістік);
- 7) сахналық бейненің сенімділігі.

*Ескерту: қойылымның ұзақтығы – 7 мин. Аяқ киімдері бірдей, әрі таза болуы тиіс.*

#### 16. Бишілер ұжымы:

Төмендегі би номинациялар бойынша өткізіледі:

- а) әлем халықтарының билері; б) қазақ биі; в) эстрадалық би; г) аралас би.
- 1) стильдердің үйлесімінің өзгергіштігі, өзіндік ерекшелігі және үйлесімділігі;
- 2) композициялық шешім;
- 3) би қойылымы-идея;
- 4) техника және орындау деңгейі;
- 5) жоғары сапалы орындау;
- 6) көркемдік және сюжеттік;
- 7) сахналық көрініс (костюм).

*Ескерту: Аяқ киімдері бірдей, әрі таза болуы тиіс.*

#### 17. ВИА және эстрадалық жеке орындаушылар:

Дуэт, трио, квартет орындаушыларына тақырыпқа сай еркін тақырып.

- 1) шығарма көркемдігі;
- 2) орындау шеберлігі;
- 3) сахна мәдениеті;

18. Халық аспаптар ұжымы:

- 1) Жеке аспаптардың құлақ күйі, орындалу техникасы;
- 2) Сахна мәдениеті, киім үлгілері;

***Орындалуға тиіс шығармалар***

- 1) Сүгірдің күйі «**Ыңғай төкпе**»
- 2) Құрманғазы Сағырбайұлының күйі «**Балбырауын**»

19. Сазгерлер мен шығармашылық ұжымдар:

- 1) шығарма көркемдік деңгейі;
- 2) табиғи дарындылығы;
- 3) сахна мәдениеті.

20. Көрме және қолөнер бұйымдар бұйымдары:

- 1) ұлттық бұйымдар, әр түрлі заттардың қосындысы шығармасы;
- 2) тұрмыстық қолданбалы бұйымдар;
- 3) оқушының жеке өзі жасаған шығармашылық бұйымы;
- 4) оқушы мен ұстаздың біріккен композициялық жұмыстары.

#### **IV. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ**

21. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімділеді.

22. Қазылар алқасы ең жоғарғы балл бойынша фестиваль жеңімпаздарын анықтайды.

23. Гала-концерттің жеңімпаз өнерпаздарына жүлделі орындар беріліп, Облыстық қосымша білім беруді дамыту орталығының дипломдары мен арнайы сыйлықтары, жетекші ұстаздарға «Алғыс хат» тапсырылады.

Бас жүлде – 1;

I орын – 1;

II орын – 2;

III орын – 3;

Жеке орындаушылар номинациялармен марапатталады.

24. Фестиваль өткізуде жеңімпаз атанған өнерпаздар мен ұжымдарға өз мекеме атынан фестивалдің дипломдары тапсырылады.

*Анықтама телефоны: 87054866323.*

*Эл почта: [daryn.76297@mail.ru](mailto:daryn.76297@mail.ru)*

*Түркістан облысының білім  
басқармасының  
2026 жылғы «03» ақпандағы  
№31 бұйрығының №1 қосымшасы*

**Облыстағы арнайы мектеп-интернаттар тәрбиеленушілерінің қатысуымен өткізілетін «Шабыт шыңы» атты өнер фестивалінің кестесі.**

<b>№</b>	<b>Өтетін мерзімі</b>	<b>Ауданы, мектебі</b>	<b>Уақыты</b>
1	17 ақпан, сейсенбі	Түркістан қаласы, «№1 Арнайы кешен балабақша-мектеп – интернаты»	11.00
2	18 ақпан, сәрсенбі	Түркістан қаласы, «№7 арнайы мектеп-интернаты»	11.00
3	19 ақпан, бейсенбі	Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, №6 Арнайы кешен, Балабақша - бастауыш мектеп-интернаты	11.00
4	20 ақпан, жұма	Жетісай қаласы, «№5 арнайы мектеп-интернаты»	11.00
5	23 ақпан, дүйсенбі	Төлеби ауданы, «№4 арнайы мектеп-интернаты» ( <i>Шахта-тоғус</i> )	11.00
6	24 ақпан, сейсенбі	Төлеби ауданы, «№3 арнайы мектеп-интернат»	11.00
7	25 ақпан, сәрсенбі	Төлеби ауданы, «№2 Арнайы мектеп-интернаты»	11.00

**Облыстағы отбасылы үлгісіндегі балалар ауылдарының қатысуымен өткізілетін «Шабыт шыңы» атты өнер фестивалінің кестесі.**

<b>№</b>	<b>Өтетін мерзімі</b>	<b>Ауданы, мектебі</b>	<b>Уақыты</b>
1.	11 наурыз, сәрсенбі	Төлеби ауданы, №2 Төлеби отбасы үлгісіндегі балалар ауылы.	11.00
2.	12 наурыз, бейсенбі	Арыс қаласы, «Т.Тәжібаев» атындағы отбасы үлгісіндегі балалар ауылы	11.00

**Облыстағы білім беру ұйымдарының (жалпы білім беретін мектеп, мектеп – интернат, мамандандырылған мектеп-интернат, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары) қатысуымен  
«Шабыт шыңы» атты өнер фестивалінің кестесі**

<b>№</b>	<b>Өтетін мерзімі</b>	<b>Ауданы, мектебі</b>	<b>Уақыты</b>
1.	30 наурыз, дүйсенбі	Созақ ауданы, №1 колледжі Т.Әлімқұлов №14 мектеп-интернаты	11.00 14.00
2.	31 наурыз, сейсенбі	Созақ ауданының білім бөлімі	10.00
3.	1 сәуір, сәрсенбі	Кентау қаласы, №7 колледжі Кентау мамандандырылған мектеп-интернаты Кентау қаласының білім бөлімі	10.00 12.00 14.00
4.	2 сәуір, бейсенбі	Отырар ауданы, Д.Құрманбеков ат. №20 колледжі. Ө.Жәнібеков атындағы № 4 мектеп-лицей интернаты. Отырар ауданының білім бөлімі.	10.00 12.00 14.00
5.	3 сәуір, жұма	Бәйдібек ауданы, Шаян ауылы №19 колледжі Шаян ауылы, С.Әбдіжаппаров атындағы жалпы білім беретін мектеп-интернат Бәйдібек ауданының білім бөлімі	10.00 12.00 14.00
6.	6 сәуір, дүйсенбі	Ж.Қаппаров атын. №5 мамандандырылған физика-математика мектеп-интернаты Қазығұрт мамандандырылған мектеп-интернаты Қазығұрт №11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты	10.00 12.00 14.00
7.	7 сәуір, сейсенбі	Қазығұрт №11 колледжі Қазығұрт ауданының білім бөлімі	10.00 12.00
8.	8 сәуір, сәрсенбі	Мақтаарал ауданы, Атакент кенті, №14 колледжі Мақтаарал ауданының білім бөлімі	10.00 13.00
9.	9 сәуір, бейсенбі	Жетісай ауданы, Асықата кенті, №15 колледжі Жетісай мамандандырылған мектеп-интернаты Жетісай ауданының білім бөлімі	10.00 13.00 15.00
10.	10 сәуір, жұма	Келес ауданы, Абай ауылы №13 колледжі Келес ауданының білім бөлімі	10.00 14.00
11.	13 сәуір, дүйсенбі	Шардара ауданы, М.Қалмырза атындағы №3 мамандандырылған мектеп-интернаты Шардара ауданының білім бөлімі	10.00 12.00
12.	14 сәуір, сейсенбі	Сарыағаш ауданы, №12 колледжі Сарыағаш ауданы, №10 Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия интернаты	10.00 12.00
13.	15 сәуір, сәрсенбі	Сарыағаш ауданы, №4 мамандандырылған мектеп-интернаты. Сарыағаш ауданының білім бөлімі.	10.00 12.00
14.	16 сәуір, бейсенбі	Түлкібас ауданы, Үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп-интернаты Түлкібас ауданының білім бөлімі	10.00 12.00
15.	17 сәуір, жұма	Б.Өтеп атындағы мамандандырылған «Өнер» мектеп – интернаты	10.00
16.	20 сәуір, дүйсенбі	Сайрам ауданы, Д.Қонаев атындағы аграрлық	10.00

		техникалық колледжі. ( <i>Қарабұлақ ауылы</i> ). Сайрам ауданы, Манкент №6 негізгі орта мектеп-интернат	12.00
17.	21 сәуір, сейсенбі	Сайрам ауданының білім бөлімі	11.00
18.	22 сәуір, сәрсенбі	Төлеби ауданы, Түркістан көпсалалы – техникалық колледжі. ( <i>Көксәйек ауылы</i> ) Төлеби ауданы, №8 Колледж	10.00 13.00
19.	23 сәуір, бейсенбі	Төлеби мамандандырылған мектеп-интернаты Төлеби аудандық білім бөлімі	10.00 12.00
20.	24 сәуір, жұма	Ордабасы ауданы, Шұбар №18 колледжі Ордабасы ауданының білім бөлімі	10.00 13.00
21.	27 сәуір, дүйсенбі	Арыс қаласы, №17 колледжі Арыс қаласының білім бөлімі	10.00 13.00
22.	28 сәуір, сейсенбі	Шорнақ ауылы, Қ.Рысбеков ат.№5 негізгі мектеп-интернаты Иқан ауылы, Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі Сауран ауданының білім бөлімі	10.00 12.00 14.00
23.	29 сәуір, сәрсенбі	Түркістан қаласы, Көпсалалы индустриалды-техникалық колледжі Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты Түркістан қаласының білім бөлімі	10.00 12.00 14.00